

"Салалық бағдарламалардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 7 қазандағы № 1056 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 320 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1136 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.12.2015 № 1136 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Салалық бағдарламалардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 7 қазандағы № 1056 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Салалық бағдарламалардың тізбесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2015

жылғы

25

сәуірдегі

№ 320

қаулысына

қосымша

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2014

жылғы

7

қазандағы

№ 1056

қаулысымен

бекітілген

Салалық бағдарламалардың тізбесі

Р/с №	Атауы	Жауапты мемлекеттік орган	Салалық бағдарламаларды іс асыру мерзімі
1	2	3	4
1.	Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасы (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру)	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	2011 – 2016 жылда

2.	Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2012 – 2016 жылдарға арналған бағдарламасы	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	2012 – 2016 жылда
3.	«Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі	2013 – 2020 жылда
4.	Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013 – 2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі	2013 – 2020 жылда
5.	Тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару жүйесін жаңғыртудың 2014 – 2050 жылдарға арналған бағдарламасы	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі	2014 – 2050 жылда
6.	«Энергия үнемдеу – 2020» бағдарламасы	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі	2013 – 2020 жылда
7.	«Өнімділік 2020» бағдарламасы	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі	2011 – 2020 жылда
8.	Қазақстан Республикасындағы геологиялық барлау жұмыстарының 2015 – 2019 жылдарға арналған бағдарламасы	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі	2015 – 2019 жылда
9.	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі	2015 – 2019 жылда
10.	«Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі	2015 – 2020 жылда
11.	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының еншілес және тәуелді ұйымдары акцияларының пакеттерін бағалы қағаздар нарығына шығару бағдарламасы	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі	2011 – 2015 жылда
12.	Қазақстан Республикасында мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту жөніндегі 2011 – 2015 жылдарға арналған бағдарлама	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі	2011 – 2015 жылда
13.	Қазақстан Республикасындағы табиғи монополиялар салаларындағы тарифтік саясат жөніндегі 2020 жылға дейінгі бағдарлама	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі	2015 – 2019 жылда
14.	Қазақстан Республикасында 2020 жылға дейін көрсетілетін қызметтер саласын дамыту бағдарламасы	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі	2015 – 2020 жылда
15.	Күпия	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі	2012 – 2016 жылда
16.	Өте күпия	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі	2011 – 2015 жылда

